

III МОДУЛЬ. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ

I. ОҚЫЛЫМ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 –VI ҚРЗ Кодексі жарияланғаны белгілі. Осы Кодекс 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді. Аталған Кодексте әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидастары мен олардың мәні туралы толық жазылған. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің қағидастарын сақтау судьялардың басты ұстанымы.

Сот ісін қарауда ең басы қағидастарының бірі ол заңдылық қағидаты.

Заңдылық қағидаты сот ісін жүргізудегі ашықтық пен парасаттылыққа негізделген. Сот әкімшілік істерді қарау және шешу кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдардың, осы Кодекстің, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, қолдануға жататын Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарын қалме-қал сақтауға міндетті деп көрсетілген.

Әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің тағы бір басты қағидастарының бір түрі «Әділдік қағидаты». Аталған қағидада сот әр істі әділдік пен ақылға қонымды етіп шешу керек деп көрсетілген. Сонымен қатар, сот отырысында тараптардың құқықтарын қатаң сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған. Сот әкімшілік істі қарау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтап отырып, әкімшілік іске қатысушылардың әрқайсысына тең көзқараспен қарап істің мән-жайын жан-жақты және толық зерттеп, тараптардың өз құқықтарын қорғауды тең дәрежеде қамтамасыз етуге міндетті.

1. Сөйлемді толықтырыңыз.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап

_____ заңы
қолданысқа енгізілді.

- A) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
- B) Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
- C) Қазақстан Республикалық Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
- D) Әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңдар

2. I абзацтың мазмұнына сәйкес тақырыпты таңдаңыз.

- A) Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
- B) Заңдылық қағидаты
- C) Әділдік қағидаты
- D) Тараптардың құқықтарын тең дәрежеде қорғау

3. Соңғы абзацқа нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Заңдылық қағидаты
- B) Әділдік қағидаты
- C) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы
- D) Сот ісін қараудағы ең басты қағидастардың бірі

II. ЖАЗЫЛЫМ

1. Ауқомәтінді тыңдап мәтін мазмұнына сәйкес жоспар құрыңыз.

2. Жоспарға сәйкес мәтіннің негізгі мазмұнын сақтап отырып мазмұндама жазыңыз.